Балалардың тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаштар,санамақ,”Қуыр-қуыр қуырмаш”,”Малдың төлін шақыру”,т.б. Жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді.Баланың ой-өрісін кеңейтуге,өз бетімен ойланып,заттар мен құбылыстардың сипатталуына,баламасына қарай олардың атын табуға,сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді.Дидактикалық ойын арқылы ойлау,сөйлеу,қиялдау,тілін дамыту,сонымен қатар өз ойларын толық жеткізе білу,сауаттылығын ашу. Дидактикалық ойын сәбилер тобынан басталады. 1-кіші топта жұмыс жасаған кезімде тіл дамыту сабағында тақырыбына қарай мынандай дидактикалық ойындарды пайдаланамыз. 1-кіші топта дидактикалық ойындардың жеңіл түрі ойнатылады.”Даусын сал”,-ойын шарты:кубик арқылы ойнатамын бала кубикті лақтырып қандай жануар түссе сол жануардың дыбысын салады.Сол сияқты “Қимылын көрсет”-ойын шарты:айтылған заттардың қимылын көрсету мысалы:қоян,ұшақ,аю,бақа,т.б. “Ғажайып қалта”-ойын шарты:қалтаның ішіндегі шыққан заттарды атау мысалы:алма,доп,мысық,орындық,т.б.

Бір сөзбен айтқанда,ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

ЕНСЕБАЕВА А.Т.,КАБЫЛБЕКОВА А.О., № 115 сәбилер бақшасының тәрбиешілері. Павлодар қаласы.

БАЛ БӨБЕК

ДЕТСКИЕ САДЫ ПРИИРТЫШЬЯ
БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығуларының орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Дидактикалық ойындар сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері ойнатылады. Балалар ойыншықтарды қолымен ұстап, көзімен көріп, сипап сезу арқылы ойнайды. Немесе ойыншық заттарды сиапттауға болады. Мысалы: Бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай? Доп - домалақ. Ол күнге ұқсайды. Доппен біз қызықты ойындар ойнаймыз. т. б Кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане сен көк кубиктерді әкелші, үстелге апарып қойшы. Бұл жерде балалар кеңістікті бағдарлауды үйренеді.

Дидактикалық ойындар ересек топтарда төменгі топтарға қарағанда күрделеніп жүргізіледі. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы ойын әрекетін дамытуға болады. Дидактикалық ойындар баланың ақыл - ойын ойлау қабілетін, қабылдауын, есте сақтауын, зейінін дамытуға, салыстыруға, жіктеуге өзін - өзі бақылауға үйретеді. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты бір нәрсе жайында сұралып баланың оған жауап беруге белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.

Ойын қызықты тартымды өту үшін дидактикалық ойындарды дұрыс ұйымдастыру керек. Ойынға керекті құралдар әр балаға жеткілікті болу керек, сонда ғана балаларға түсінікті болады. Дидактикалық ойындардың құралдары ұзақ уақыт сақталу үшін эстетикалық, гигиеналық талаптараға сай әдемі қораптарда, қалталарда тұру керек. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдансақ алға қойған мақсатымызға жетеміз. Заттық дидактикалық ойынның түрлері төмендегідей заттармен ойнатылады.

Киім түрлерімен ойнатылатын дидактикалық ойындар: Киімдерді балалармен таныстырумен қатар киіну дағдыларын қалыптастыруға үйретеміз.

Заттық ыдыстарды қолдану арқылы жүргізіледі: Ыдыстарды қолдана отырып жеке және жалпы атауын айта білуге балаларды үйретеміз. Сонымен қатар «Қуыршаққа тамақ дайындаймыз» ойынын ойната отырып ыдыстарды қолданудың әдістерін үйретеміз. Мысалы: қасықты оң қолға ұстаймыз, тарелкені екі қолмен ұстаймыз. т. б.

Үстел - үсті дидактикалық ойындары таңертеңгілік балаларды қабылдау кезіне ойнатылады. Балалардың есте сақтау қабілеті таңертеңгілік уақытта жақсы қабылдайды. Сондықтан заттардың атын жаттау, немесе жалғасын табу, құрастыру, орнын табуға байланысты ойын түрлері ойнатылады. Мысалы: «Қуыршақ Айшаға киінуге көмектес», «Заттың екінші бөлігін тап», «Суреттің жетпей тұрған бөлігін толықтыр» (қысқыштармен) т. б.

Сөздік ойындар - суреттер арқылы: суреттермен ойналатын дидактикалық ойындар барлық білім беру саласы бойынша ойнатылады. Суреттер арқылы балалар сөйлем құрастыруға үйренеді. Белгілері бойынша ажыратады. Жалпы атауын айтып үйренеді. Мысалы: «Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?» дидактикалық ойынын алатын болсақ, балалар оған қарай отырып өз ойларын білдіреді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі - сөйлеуді дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

ХАСЕНОВА М. Б., «№4 сәбилер бақшасы» КМҚК тәрбиешісі. Екібастұз қаласы.

МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мектепалды оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру жұмысына ерекше мән берілген. 5-6 жаста қарапайым жаттығуларды орындауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады.

Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. дағдыларды дамыту қажет. Себебі, бала өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазлдармен жұмыс жасау, есептейтін таяқша және мозаикамен ойнау сияқты дағдыларды орындау өте қиын.

Әрине, мектепке баратын бала тілінің дамуы, өзіне-өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан.Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Сондықтан ұсақ моторикасын дамыта отырып, адамның ішкі ағзасына ықпал етеміз. Су- Джок терапиясының авторы Паджев адамның ағзасының белсенді нүктелері қол саусағында орналасатының дәлелдеген болатын. Балалармен күнделікті жұмыста әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, жалпы және арнайы моторикасын дамыту үшін ойындар мен тапсырмалар беріп отыру қажет. Ойын жаттығуларын беруде мына принциптерге сүйену қажет:

Ойын жаттығулары балаларға қызықты, тартымды болуы қажет, ересек пен бала арасындағы қарым-қатынас сенімділікке құрылуы қажет. Саусақ жаттығулары қарапайымнан күрделігі қарай ойысады.

КАСЫМОВА К. А.,«Майқайың жалпы орта білім беру мектебі» КММ мектепалды сынып мұғалімі, Екібастұз қаласы.

ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның алар орны ерекше. Экологиялық мазмұны бар әртүрлі ойындар баланы қоршаған әлеммен таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар табиғатқа ұқыпты қарауға бағытталған әлеуметтік құндылықтар жүйесін қалыптастыруға көмектеседі.

Экологиялық ойындар психикалық дамуға да үлкен әсер етеді. Балалар пайымдауды, қорытынды жасауды, жалпылауды үйренеді, ал олардың зейіні, есте сақтау қабілеті, ерікті қабылдау дамиды. Ойында қойылған мәселелерді шеше отырып, бала құбылыстардың немесе заттардың жеке белгілерін оқшаулауды үйренеді (мысалы, «Жыл мезгілдері» ойыны), салыстыруды, топтастыруды, белгілі бір белгілер бойынша жіктеуді үйренеді (мысалы, «Кім қайда тұрады?»). Сондай-ақ, экологиялық ойындар барысында сөздік қоры байытылады: балалар жануарлардың, құстардың, өсімдіктердің, жәндіктердің аттарын біледі, олардың сыртқы түрін, сипаттамаларын сипаттауды үйренеді. (Мысалы, «Қандай өсімдік екенін тап?»). Экологиялық бағыттағы ойындарды өткізу барысында балалар үйлесімді сөйлеуді дамытады, олар табиғаттың белгілі бір объектілері туралы шағын әңгімелер мен ертегілер жасайды.

Экологиялық ойындарды келесідей бөлуге болады: пәндік ойындар, бұл әртүрлі табиғи заттарды (жапырақтар, тұқымдар, конустар, қиыршық тастар және т. б.) қолданатын ойындар; үстел үсті ойындары, мысалы, табиғат құбылыстары, жеміс – жидектер және т.с.с. қоршаған ортаның суреттері салынған домино; ауызша ойындар. Әдетте, бұл сұрақтар мен сөйлеу логикалық міндеттері, олардың шешімі балалардың табиғат әлемі туралы бұрыннан бар идеяларына негізделген, олар үйде де, серуендеуде де ұйымдастырылады. Мысалы, "Кім ұшады, кім жүгіреді және кім секіреді?»;Бұл қашан болады?» , "Суда кім тұрады, ауада кім ұшады, жерде кім тұрады?»; шығармашылық ойындар.

Шығармашылық ойындар тәуелсіз сипатқа ие. Бұл тәрбиешіге экологиялық білім деңгейін және балалардың табиғатқа қатынасын анықтауға көмектеседі, бұл мектеп жасына дейінгі балалармен Экологиялық жұмыс жүйесін одан әрі ұйымдастыруда үлкен маңызға ие. Шығармашылық ойынға табиғат материалдарымен (топырақ, су, тастар және т.с.с), рөлдік ойындар (саяхаттар, «гүл дүкені» ойыны, «хайуанаттар бағы» ойыны, т.с.с.) кіреді. Табиғат объектілерін бақылау процесінде бала байқауды дамытады (Мысалы «Бірдей тастарды тап» немесе «Бірдей гүлді тап» ойыны).Экологиялық ойындар балалардың физикалық дамуына да ықпал етеді. Яғни, бала ептілік, жылдамдық, қимылдарды үйлестіру сияқты қасиеттерді жетілдіреді.

БУЖАНОВА С.К., «№4 сәбилер бақшасы» КМҚК тәрбиешісі, Екібастұз қаласы.

ҚҰСТАРҒА ҚЫСТА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ!

Біздің балабақшамыздың негізгі бағыты – бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру болғандықтан, жыл сайын дәстүрлі экологиялық акциялар, экскурсия мен түрлі іс-шаралар үзбей ұйымдастырылады.

Соның бірі ауа – райы өзгеріп, күн суытқанда құстардың жылы жаққа ұшып кететіні, өлкемізде қыстап қалатын құстардың қыс мезгілінде адамдардың көмегінсіз суыққа төтеп беруі қиын екенін балабақша тәрбиеленушілеріне түсіндіру мақсатында «Құстарға қамқор болайық!» тақырыбында экологиялық акция кіші топтардан бастап жүргізіледі. Ұрпағымызды қоршаған әлемге, қыстайтын құстарға мейірімділік танытып, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында қаламыздағы № 4 сәбилер балабақшасының «Құлыншақ» кіші тобының тәрбиешілері мен ата-аналары және тәрбиеленушілері бірлесіп, 16-20 қаңтар аралығында «Құстарға қамқорлық» акциясын өткізді.

Бала – бақшамыздың маңын жайлы мекен тұрағына айналдырып жүрген қанатты достарымызға тобымыздың белсенді ата – аналары Жамбыл Саит Қанатович (Қанат Аяланың әкесі), Ибрахимнің әкесі Серікбаев Айдос Бауыржанович ағаштан жылы ұя жасап, ағаш басына іліп, құстарға суық күнде тоңбайтындай жағдай жасады.

Тобымыздың қамқор жүректі кішкентай тәрбиенушілері Қанат Аяла, Нұрхаев Мирас, Давлетұлы, Ерназар, Айдосұлы Ибрахим, Салмакова Айша жемсауытқа жем шашып, құстарды қоректендірді.

Біздің міндетіміз – бау бақшаның емшісі, қанатты достарымыз, табиғаттың азат перзенті - құстарды қорғау екенін естен шығармағанымыз жөн.

ДАУТБАЕВА О. К., «№4 сәбилер бақшасы» КМҚК тәрбиешісі. Екібастұз қаласы,

АСЫҚ ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫ

. Асық ойынында үнемі отырып-тұру,жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады. Сонымен қатар салт-дәстүр, ырымдар, пайымдар, мақалмәтелдер біздің ата бабамыздың көшпенді өмір сүруімен қатар,төрт түлік малға да байланысты құрылған. Мысалы: «Асығың алшысынан түссін», «Қой асығы демеңіз,қолға жақса сақа тұт, жасы кіші демеңіз,ақылы асса аға тұт» дегендей астарында үлкен мән жатыр. Асық ойнау кезінде оның түсуіне үлкен мән берген. Мысалы:

Алшы-асықтың иірілгенде табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған аса мән берілген. Ол-бірінші дәрежелі асық.

Тәйке-асықтың иірілгенде табаны үстіне қарап, тұрық түсуі. Ол-екінші дәрежелі асық.

Бүге-асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі асық.

Шіге-асықтың иірілгенде шұңқыр жағы үстіне қарап,шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Балабақшада асық ойнай бастаған баланың бойынан өзгерістер байқалады. Тіл байлығын дамытады, саусақ буындарына пайдалы, өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшыл болады,зейіні, ой ұшқырлығын, ұсақ қол моторикасын дамытады.

Қорыта айтсам ата-бабамыздың ұзақ ғасырлық көшкеруен арқылы үзілмей келе жатқан асық ойынын бүлдіршіндерімізге үйреткен үлкен зор мәртебе. Бір жағынан балалардың денесі қимыл-қозғалыс арқылы шыныққып,шымыр болады, екінші жағынан жан тазалығы дер едім.

БАКИРОВА Г. И., «Майқайың ЖОББМ» КММ «Жұлдыз» шағын орталығының тәрбиешісі.

Қ ҰМ ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Құммен ойын балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады.

Құмдағы ойындар-баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын ойындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. Құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз. Бала құм терапиясында тек қана қиял, көрнекі-бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра, процесс барысында фигураларды таңдау барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын айта алады.

Құм терапиясын қолданудың әдіс-тәсілдері: әңгімелесу; түрлі-түсті құммен сурет салу; танымдық ойындар; коммуникативтік ойындар; пікірталастар.

Бала үшін құм терапиясы – өзін танытуға мүмкіндік. Су, құм, жануарлардың мүсіндері, заттар балалардың кейде сөзбен айтып жеткізе алмай ашылуына көмектеседі және сезімдерін білдіруге ықпал етеді.

Құм терапиясының маңыздылығы:

• сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.

• Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясын 3 жастағы балалармен бастауға болады. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ менің тәжірбиемде терапияның еркін әдіс екені көрсетіледі.

Мысалы көгілдір түсті құмзар, онда бала мен ересек бірлесе ойнайды. Ойында ойыншықтар қолданылады.

Балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істеу барысында балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының кемшіліктері басым болуда. Осымен қатар оларда сөйлеу тілі өте төмен дамыған олар агрессивті, бір-біріне қайрымды болмауы және бір-біріне мейірімділік шыдамдылық танытпауы басым. Бала қолымен және табиғатпен жасалған шынайы, тартымды және тартымсыз пішіндерді қолданады, ал қолдан жасалған заттар шындықты қабылдауға көмектеседі.

ТАСЫБАЕВА Г. Ж., білім беру бөлімінің «№ 4 сәбилер бақшасы» КМҚК тәрбиешісі. Екібастұз қаласы.

.

БАЛ БӨБЕК

ДЕТСКИЕ САДЫ ПРИИРТЫШЬЯ
БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ

БАЛАБАҚША –БАРЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді. Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектепм – ол балабақша. Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша тәрбиешілері.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүние-танымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әре-кеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады. «Бала естігенін айтады, көргенін істейді» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор.

Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Балабақшаның балаға беретін тәлім -тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешіге байланысты.

Осы бүлдіршіндеріміз әр мерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сызушы балаларды байқауға болады.

Кішкентай балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір -біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтып отырады.. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті ермексаз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді.

Балабақшамыздың жақсы жетістіктерге жетуі, әрбір тәрбиешінің өз еңбегінің нәтижесімен, жаңалығымен біліктілігі мен білімдерінің арқасы деп білеміз.Балабақша топтарында өз жұмысын жақсы білетін, біліктіліктерін көтеру курсынан өткен модератор,зерттеуші педагогтар жұмыс жасайды. Балабақша ұжымының әрбір қызметкерлерінің міндеті – күнделікті тәрбиеленуші бүлдіршіндерге бақыт сыйлау.

Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі.Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 2 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақша әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық-зерттеу іс-әрекет, әлеуметтік эмоциональдық дағдылары бойынша іске асып, балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп қарым-қатынасқа икемдейді, Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын,ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға,жапсыру, мүсіндеу,суретсалу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз.

ЗЕНОВА А.Б., «№12 сәбилер бақшасы» КМҚК-ң басшысы. Екібастұз қаласы.

ВОСПИТЫВАЕМ ЛЮБОВЬ К ПАВЛОДАРУ

Развитие дошкольников при знакомстве с родными местами становится возможным при условии их активного взаимодействия с окружающим миром эмоционально-практическим путем, то есть через игру, предметную деятельность, общение, труд.

И как можно было не воспользоваться тем, что на территории г. Павлодара находится уникальный памятник палеонтологии «Гусиный перелет» известный во всем мире. И Мы начали с того, что познакомились с этим достоянием нашего города. Дети имеют представление о том, каким образом был открыт этот памятник, какие уникальные находки совершили палеонтологи на берегу Иртыша, какие животные существовали миллионы лет назад в том месте, где мы живем сейчас. Затем речь зашла о том, как эти сведения попали к нам в современную действительность. И дети познакомились с профессией “палеонтолог”.

Палеонтологи уже давно спорят о том, когда жили и когда вымерли древние животные. А древние животные ассоциируются у детей как динозавры. Когда жили динозавры – вопрос, который часто задают дети. А ведь им нужно постараться дать максимально правдивую информацию. Поэтому мы используем и энциклопедии, и интернет.

Мы попробовали поиграть в «Палеонтологов». Дети почувствовали себя в настоящей палеонтологической экспедиции. Вели «настоящие» раскопки по поиску останков древних животных. При совершении находок, старались проявить осторожность к найденным ценностям. Использовали специальный инструмент: лопатки, кисти, работали только в перчатках! Далее вели работу по объединению останков, чтоб получить представление о целом объекте. С осторожностью доставляли находки в музей, где подготавливалась экспозиция выставки. И конечно же экскурсия в музей, где опытный экскурсовод рассказывает об уникальных находках на территории нашего города. Все это происходило в игровой форме, и конечно, все роли исполняли сами дети. Поэтому можно сказать, дети имеют представления о древней истории родного края, искренне заинтересованы тем, на сколько богата и уникальна история нашего города Павлодара.

ЛИХОМАНОВА А.С., воспитатель я/с № 102 г. Павлодара.
“

МНЕМОТЕХНИКА
как средство развития речи детей дошкольного возраста

В дошкольном возрасте преобладает наглядно-образная память, и запоминание носит в основном непроизвольный характер: дети лучше запоминают события, предметы, факты, явления, близкие их жизненному опыту. Исходя из этого одним из эффективных методов развития речи является - мнемотехника.

Основной «секрет» мнемотехники заключается в соединении несколько зрительных образов, а мозг фиксирует эту взаимосвязь. Как любая работа, мнемотехника строится от простого к сложному. Необходимо начинать работу с простейших мнемоквадратов, последовательно переходить к мнемодорожкам и позже – к мнемотаблицам. Содержание мнемотаблицы – это графическое или частично графическое изображение персонажей сказки, явлений природы, некоторых действий и др. путем выделения главных смысловых звеньев сюжета рассказа. Главное – нужно передать условно-наглядную схему, изобразить так, чтобы нарисованное было понятно детям. Мнемотехника помогает упростить процесс запоминания, развить ассоциативное мышление и воображение, повысить внимательность. Более того приемы мнемотехники в результате грамотной работы воспитателя приводят к обогащению словарного запаса и формированию связной речи. Цель данного метода: развитие памяти, мышления, воображения, внимания, а именно психических процессов, ведь именно они тесно связаны с полноценным развитием речи.

Этапы работы: рассматривание таблицы и разбор того, что на ней изображено; перекодирование информации, т. е. преобразование из абстрактных символов в образы; пересказ информации (сказки, рассказа) с опорой на символы (образы, т. е. происходит отработка метода запоминания.

Особенности работы по мнемотехнике с детьми младшего возраста: необходимо использовать цветные мнемотаблицы, т.к. в памяти у детей остаются отдельные образы. Малышам трудно сразу уловить информацию через мнемотаблицу, поэтому с ними удобнее работать по мнемодорожке. Первоначально, я предлагаю детям 1 схему-изображение. Далее, постепенно увеличиваем количество мнемосхем до 4-х, например, стихотворение «Мишка». Таким образом получается мнемодорожка. Дети, которым легко дается запоминание стихотворений с использованием мнемотехники, к концу года, уже можно предложить в индивидуальной работе мнемодорожку и мнемотаблицу, состоящую из 5-6 элементов.Также использую цветные мнемотаблицы. Изображения становятся более символичными, например, елочку мы можем обозначить двумя треугольниками, но зеленого цвета. Также происходит постепенный переход от мнемодорожек к мнемотаблицам. Количество мнемосхем в них увеличивается до 7-8 к концу года. В среднем возрасте, так же, как и в младшем, дети заучивают стихотворения по готовым мнемотаблицам. После заучивания стихотворения мнемотаблица остается доступной детям до смены темы согласно тематическому планированию. Проведение занятий с использование мнемотехники требует детальной подготовки в отборе речевого материала, наглядных пособий, игр. Наглядность и материал помогает детям быть раскрепощенными и служит хорошей опорой при заучивании песен, стихов, сказок и т.д.

ШАНОВА Е.В.,воспитатель КГКП «Ясли-сад № 79 г. Павлодар».

МУЗЫКАЛЫҚ ОРТА - БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Білім берудің негізгі мақсаты-өскелең ұрпақты болашаққа дайындау. Шығармашылық - бұл мақсатты тиімді жүзеге асыра алатын жол.

Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуге кешенді көзқарас жалпы эстетикалық және адамгершілік тәрбие мәселелеріне қатысты көптеген мәселелерді қамтиды. Идеялық-дүниетанымдық, рухани және көркемдік біртұтастық - бұл өскелең адамның жеке басының, оның дамуының жан-жақтылығы мен үйлесімділігінің ажырамас шарты.

Шығармашылықтың құндылығы, оның функциялары тек тиімді жағында Жеке тұлғаның шығармашылық дамуының көрсеткіші-шығармашылық. Шығармашы-лықты көптеген адамдарға тән жеке тұлғаның интеллектуалды және жеке ерекшеліктерінің процесі мен кешені ретінде қарастыру қажет

Баланың шығармашылығының маңызды көрсеткіш-теріне мыналар жатады:

* шығармашылық белсенділік, яғни жаңа өнімді жасауға дайындық және жоғары мотивация деңгейі;
* өзін-өзі көрсету, әйтпесе - баланың музыкалық іс-әрекеттің түрін, оның дизайнын жүзеге асыру әдісін еркін таңдауы;
* интеллект, "интеллектуалды қабілет",
* "музыкалық интеллект" - музыканы орындау, жазу және қабылдау қабілеті;
* білім мен дағдылар.

Балалардың шығармашылығының қалыптасуына ық-пал ететін факторларға мыналар жатады:

* ақпараттық интеллектті дамытуға мүмкіндік беру;
* балаларды шығармашылық процесінде қолдауды қамтамасыз ететін, қарым-қатынас пен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беру;
* баланың шығармашылық тұлғасын дамыту-біздің балабақшаның барлық ұжымы үнемі жұмыс істейтін мәселе. Музыкалық тәрбие жұмысының нәтижелерін талдай отырып, мен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту үшін музыкалық ортаны пайдалану керек деген қорытындыға келдім.

А. АРЫНОВА, «№9 сәбилер бақшасы» КМҚК музыкалық жетекшісі. Павлодар қаласы.

ПЕСКОГРАФИЯ
КАК ИННОВАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ В РАЗВИТИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Для развития творческой, гармоничной, интеллектуальной, инициативной личности все большее распространение получает инновационная технология пескография. Хочу поделиться своим опытом использования технологии рисования песком. Всем нам хорошо знаком песок, но на самом деле это таинственный, удивительный материал. Для детей игра с песком это естественная и доступная форма взаимодействия, преобразования окружающего их мира.

Воспитанники моей группы включаются в игру с песком всем своим существом – эмоционально, психически, физически. При этом создаются благоприятные условия для проявления у детей концентрации внимания, любознательности, увлеченности, а также релаксации.Дети придумывают удивительные сценарий игр, создают на песке интересные сюжеты. Все это, является отличным стимулом для развития воображения и фантазии. Развитие речи происходит в процессе живого общения детей между собой во время создания рисунка, проговаривания диалога любимого героя. Создавая сюжет и воплощая его в реальность, дети дошкольного возраста, учатся целенаправленно действовать, добиваться результата, что способствует развитию коммуникативных навыков. Большой интерес у детей вызывают песочные сказки, когда иллюстрация песком сопровождается рассказом педагога сказки. Образы, созданные из песка, мимолётны и неповторимы. Сюжет из сказки «Колобок», раскидистое дерево, наряженная новогодняя ёлка с подарками, город, транспорт, персонажи из мультфильмов, животные, люди, вымышленные персонажи, абстракция, пейзажи…

Результатом моей работы явилось повышение творческого потенциала дошкольников. Рисование песком способствовало развитию мелкой моторики, фантазии, творческих способностей, образного мышления. А также снижение негативных проявлений(страха, тревожности) и уменьшение проявлений отрицательных эмоций (злости, гнева, обиды).

Я пришла к выводу, что игры с песком улучшают общее эмоциональное состояние ребёнка, развивают воображение, творческий потенциал, развивают мышление, речь, память, внимание, мелкую моторику, повышают самооценку и уверенность в себе, улучшают взаимоотношения со сверстниками, формируют коммуникативные навыки сотрудничества в общении со сверстниками.

КАЗАНЦЕВА Л.А., воспитатель высшей категории КГКП «Ясли сад №4» г. Экибастуз.

THEME OF THE LESSON: YOUNG PEOPLE AND TECHNOLOGY (SOCIAL INTERACTION)

Teacher name: SYRYMBETOVA G.B.

Sity of Ekibastuz. School № 9. class 7

Learning objectives(s) that this lesson is contributing to: 7.S2 ask complex questions to get information about a limited range of general topics and some curricular topics; 7.S7 use appropriate subject specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics; 7.L3 understand with some support most of the detail of an argument in extended talk on a limited range of general and curricular topics;
7.C2 use speaking and listening skills to provide sensitive feedback to peers.
Lesson objectives: All learners will be able to:
• Use phrases and vocabulary to ask complex questions about devices during pair work;
•Name the familiar words connecting with the theme;
•Evaluate and complete partner's speech during group work;
•Identify the information about the technology of partner's talk and speaker's.
•Complete partner's talk during the group work with support.
Most learners will be able to:
• Complete partner's talk during the group work.
Some learners will be able to:
• Talk confidently about different devices during the lesson.
Language objectives: Technology, smartphone, chat, social media, device, Internet.
Assessment criteria: Identify the main idea in extended talks with little support.
Level of thinking skills: Knowledge and comprehension
Value links: The Patriot Act "Mangilik Yel": Economic growth based on industrialization and innovation.
Cross curricular links: ICT
ICT skills: Using active board, pictures, student book, cards.
Previous learning: Students have studied theme "Hobbies and Leisure". They know vocabulary associated with Technology.
PLAN

ORGANIZATION MOMENT
GREETING
Teacher greets pupils and asks questions.
WARMING UP
(W, G) Crossword. *Resources:* S-S



Teacher uses "Crossword" technique to know how many words do learners know.
Teacher gives them crossword, students fill it in and then find the main word of our theme.
- By using it we can send letters, find information very quickly.
- @ - What is it?
- We use it to call each other.
- Sometimes you play games on it. Ex.War Face.
- We send short texts by our phones. What are they (short texts)
Students should guess the theme of the lesson.
Teacher tells the students the aims of the lesson.
MIDDLE. (***W)Set the context.*** *Resources:* T-S, 6-9 min
Teacher asks the leading questions about ways of communication. Pupils give examples of different ways of communication nowadays and many years ago.
(W) Modelling. *Resources:*T-S PPP, 9-15 min
Teacher asks questions a learner. There are questions on the board. Students can see and read it. There is a picture on active board.
1. What do you use for communication?
- I use……._____/ _____/_____for communication.
(***P)Eliciting.*** *Resources:*S-S
Learners ask and answer the questions in pairs:
2. How often do you chat/ call/ use/ write/ send/ talk?
-I often/ sometimes/ never/usually ……
Peer assessment Students check the sentences each other.
(W) Watching the video. *Resources:*https://www.youtube.com/watch?v=9hPtSQv5RDs, 15-19 min.
Teacher shows the video for students. It's called "History of communication: What's next". Students ask some questions if something is not clear.
Activity 1(G) Compare & Contrast. *Resources:*S-S PPP, 19-25 min
Teacher shows 2 pictures for students and gives the task. Teacher divides into 2 groups. Each group choose one picture and describe it. After that 2 groups together discuss about this two pictures. Talk about their contract and compare it.
The main question:
- How do people communicate?
- Do you prefer it?
- What kind of communications do you use?

- What the differences between this 2 pictures?
Differentiation (differentiation by response) Allow less confident learners to give different levels of response.
Assessment Students give specific feedback after discussion.
Activity 2 (G) Ambassador. *Resources:* S-S, 25-32min
Learners discuss what new technology they could not live without and why. Teacher divides class into 3 groups according to their abilities and gives paper with questions for each group. They should answer the questions and discuss. Then they choose 2 pupils of each group. They are ambassadors and go to others group. They read their questions to each other and discuss with classmates in group.
• Questions for 1 group
What do you think of today's technology?
What new technology could you not live without?
What do you think very old people think of modern technology?
• Questions for 2 group
What do you think of tomorrow's technology?
How has technology changed society?
Has technology made our lives better than our grandparents' lives?
• Questions for 3 group
Is technology a good or a bad thing?
Do you like using technology to learn?
Has technology made us more impatient?
Differentiation (differentiation by group) Students work together in mixed ability groups and help each other by working together to accomplish assigned tasks at different levels.
Assessment Teacher monitors the students while group work and gives feedback for all students.
Resources: http://www.esl-lab.com/ramfiles/smartphone.wax, Ending 32-38 min
Teacher gives support through questions for understanding the meaning of the text.
(**F, I)** Listen to the story about mobile phones and choose the right option. You will listen twice. Go to this link to listen information.
1. The young man says he needs a new phone because
A) his parents took his last one
B) someone stole his last one
C) his phone is an older model
D) his parents want it
2. How many phones does the young man already have?
A) two B) three C) four D) five
3. According to the conversation, what are the young man's parents like?
A) friendly B) generous C) kind D) smart
4. What do his parents want their son to do to get a phone? A) take out money from his bank account
B) find a job and work to earn money
C) ask his brother if he can use an old phone
D) ask his sister if he can use an old one
5. What is the BEST word to describe the young man's personality? A) talkative B) mean C) self-centered D) selfish Answer keys: 1. C; 2.A; 3.C; 4.B; 5.C.
Descriptor A learner:
- Listens the speaker;
